


Түркістан облысы
Сайрам аудандық білім бөлімі
«Қазына kz» бөбекжай – бақшасы
«Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы



Ертеңгілік

Тақырыбы:

«Қош бол, балабақша!»



Тәрбиеші: Тәжибекова Р

Манибаева А.

2023-2024 оқу жылы

«Қош бол, балабақша!»

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, ұстаздар бүгінгі «Қарлығаш» тобында өткізіліп отырған «Қош бол, балабақша!» атты мерекемізге қош келдіңіздер.

Бізге сыйлап сыңғырлаған күлкіңді
Сәбилерім жүздерінде нұр тұнды
Бізден ұшып, қанат қағып, есейіп
Өздеріңмен қоштасатын күн туды.

Толқимыз толқып тұрсыз баршаңызда
Мұндай күй болған сірә қаншаңызда
Қол соғып, қошеметтеп шақырайық
Бүлдіршін түлектерді ортамызға

Қарсы алыңыздар 2024 жылдың жас түлектері

(ортаға түлектер кіреді)

Жүргізуші:

Жаңа өмір басталсын,
Үміт сенім ақталсын
Ұмытылмай балабақша вальсі
Көңілде мәңгі сақталсын

Би: «Қоштасу вальсі»

Жүргізуші:

Алдындағы балалар
Мектепке кетіп барады
Тақпақ айтып бір бірден
Қимай кетіп барады-дей отыра
ортаға балаларымызды өз тақпақ өлеңдерін айтуға шақырамыз.

Алихан

Құрметті қонақтар, армысыздар
Бәріңізде есен аман
бармысыздар?
Таусылмайтын ағытып ой
арманың
Ал, достарым ақ жол тілеп, сөз
бастағын

Сырым

Шаңырағы шаттықтың
Балабақша қорғанышы
Балғын сәби жастықты
Оқимыз білім аламыз
Болашаққа жол саламыз
Бақшамызбен қоштасып
Біз мектепке барамыз

Ақберді

Ақ тілекті ағытып бір тастайық
Қоштасатын кешімізді біз бастайық
Жүздерінен көркем шаттық арайлы
Болсын солай әрбір күннің, әр айың

Жүргізуші:

Мерекеді сызылтып ән салады
Ән айтып, би де билеп жан салады
Бұл мерекеді ән салғанда
Бүкіл ел шапалақтап жар салады.

Ән: «Біз мектепке барамыз»

Жүргізуші:

Тәрбиеші, ата-ана,
Сеніммен үміт артады.
Бөбектерге есейіп
Мектепке енді барады-
дей отырып ортаға балаларымызды биін тамашалауға шақырамыз.

Би: «Джентльмен»

Жүргізуші: Балалар қане бәріміз «**Иә**», «**Жоқ**» ойынын ойнап көрейікші.

1. Мектепке біз барамыз ба?
2. Кілең бестік аламыз ба?
3. Нан жеймін деп жыламайбыз ба?
4. Таң ертең тұрамыз ба?
5. Сабақтан отырып ұйқтамаймыз ба?

Олай болса осы сұрақтарды ата-аналарға қояйықшы.

1. Балаңызға әрқашан тірексізбе бе?
2. Тамағын уақытылы бересізбе?
3. Сериал көріп жатпайсызба?
4. Сен оқыт, мен оқыт деп ұрсуға дайынсызба?
5. Бала үшін асулардан асасыз ба?

Дулат

Оқимыз білім аламыз
Болашақ жолын саламыз
Бақшаменен қоштасып
Біріншіге барамыз

Жүргізуші:

Өсті міне бойларын
Өсті ақыл-ойларын
Қуанышқа ортақпын,
Құтты болсын тойларын.
Ендігі кезекті бүлдіршіндеріміздің тақпақтарына береміз.

Самира

Исламбек

Ботақаным бөбек деп
Еркелеткен ұл қызын
Анамызды ерекше
Қуантатын күн бүгін
Өсті міне бойымыз
Қуанышты орақпыз
Құтты болсын тойымыз

Біз сабақты бастаймыз
Қайталаудан аспаймыз
Есептен де қашпаймыз
Жазуды енді бастаймыз

Камранбек

Балабақша есігін
Үшке тола ашқанбыз
Едік аппақ нәресте
Көп көп бөбек көргенде
Жұбанғаным есімде

Бұл қуаныш себебін
Бізге қарап ұғарсын
Ер жетті деп бөбегің
Туған Отан қуансын

Ән: «Оқуда озат боламыз»

Балалармен ойын: Ортаға (Жалқаубек пен мұғалім)

Жалқаубек шығып кетеді.

Ойын логикалық

Мұғалім: Балалар сендердің жарты жылдық тоқсанда балабақшада үйренген білімдеріңді тексерейін. Сендердің білімдеріңді тексеру үшін «**Кім тапқыр**» ойынымен сынап көрейін. Ойнаймыз ба ?

Балалар: Ойнаймыз.

Мұғалім: Ойынның ережесі мынадай. Мен сендерге жұмбақ қоямын, сендер жауабын табасындар, мектепке байланысты. Мұқият болындар.

**Қабат-қабат қаттама,
Ақылың болса аттама. (Кітап)**

**Өшірді, сүртті,
Өзгені құртты
Өзінде құртты (Өшіргіш)**

**Жазу жазып, жалықпаған,
Жаза-жаза арықтаған (бор)**

Мұғалім -Әріптерді қандай кітаптан үйренеміз?

- Апта күндерін білеміз бе? /Алихан/
- Кері санау білеміз бе? /Сырым/

Мұғалім Жарайсындар енді математикадан тексерейін:

-Алма ағашында алты алма өсіп тұрды. Жел соғып біреуі үзіліп түсті. Қанша алама қалды (бес)

- Қонжық екеу, табаны нешеу (сегіз)

-Үш қоянда құлақ қанша (алты)

Тәрбиеші: Келесі тапсырма геометриялық пішіндерді атаңдар. Мен көрсетіп отырамын, сендер айтып отырыңдар. (балалардың жауаптары)

-Жарайсындар балалар шынымен сендер мектепке дайын екенсіңдер.

Сендерге бестік баға қоямын, енді мен Жалқаубекті іздеп келейін (Мұғалім шығып кетеді)

Жалқаубек пен би

Би: «Кітап»

Жүргізуші:

Талай қызық той өткіздік,

Бірақ орны ерекше.

Даярлықпен қоштасатын,

Бүгінгі той ерекше

Достықтарың мәңгілік

Болыншы әрдайым

дей отыра балалдың өлеңдерін қабыл алыңдар

Ән: «Досым»

Жадыраған жаздай жылы, жаны бар

Жақсылықтың шырағы болып жағылар

Қадірлі ұстаздар, тәттілермен бірге жолдаған

Шәкірттердің жүрек сөзін қабыл ал

дей отыра шәкіртеріміздің шын жүрекпен ризашылықтанрын қабыл алыңыздар.

Досымжан

Жүреді бізді аймалап

Тобымызға жиі кеп

Білгеніңді сұрайтын

Ақыл айтып тұратын

Райхан апайға көп рахмет

Алина

Денсаулыққа болаттай

Ауруларды жолатпай

Күнде болған әбдігер

Қамқоршымыз дәрігер

Рано апай мың рахмет

Дулат

Жазу жазып үйреткен
Әріптерді оқытқан
Санамақты жаттатып
Санауды бізге үйреткен
Жақсы болсақ қуанған
Қате болсақ кешірген
Айгүл апайға рахмет
Айтамыз біз мың алғыс

Хадича

Бізді баптап қараған
Күлімдеген жақсы адам
Ақ төсекке жатқызған
Басымыздан сипаған
Гулорам апайға көп рахмет

Нұриман

Оңға, солға иілткен
Жаттығуды үйреткен
Дене шынықтыру мұғалімі
Манзура апайға мың рахмет

Ән: «Ұстаз-ана»

Жүргізуші:

Сән салтанат жасайық
Күй сандықты ашайық
Бұл мереке бұл тойға
Бимен шашу шашайық

Би: Барби

Жүргізуші.

Анам болса қасымда,
Басқа бақыт не керек.
Анашымның жүрегі,
Мейірімді ғой керемет.

Алихан

Гүлдендірген бақшаны
Меңгеруші апай жақсы адам
Сондықтан да біз үшін
Артықсыз сіз басқадан
Элвира апайға мың алғыс

Сайера

Тәтті тағам пісіпген
Айран сүтін ішкізген
Малахат апай
Сізге мың алғыс

Ән: «Ана»

Жүргізуші:

Қош балалар сәт сапар

Үлгілі болындар бәріңдер

Жақсы оқып сабақты

Тек 5 тік алындар

Би: «Балабақша»

Ойын: Ата-аналар

Ән: «Қош бол балабақша!»

Келесі сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі **Бегалиева Эльвира** апайға береміз.

Балаларға диплом табыстау.

Жүргізуші: Міне балаларымыздың жүректері лүпілдеп мектепке қадам басқалы отыр, бойларындағы өнерлерін ортаға салды. Балабақша түлектеріне қадамдарына гүл бітсін деген ізгі тілекпен мерекемізді аяқтаймыз.

Әдіскер: *Эльвира*



«Қош бол балабақша!» атты ертеңгілік барысында

